

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ



Жоспары:


- 1. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуы***
- 2. Түркі тілдерінің классификациясы***

Түркі халықтарының Отаны жер шарының екі материгі – Азия мен Еуропа. Басым көпшілігі Азия болып саналады. Оған себеп – көпшілік түркілер осы жерлерді мекендейді, екіншіден, тарихи тамыры да осы құрлықта. Ал Еуропадағы түркілер, негізінен, оның оңтүстігінде орналасқан да, Еділ мен Кавказ тауларының етегін мекендеген.

Түркі тілдерін зерттейтін әдебиеттерде «Орхон – Енисей жазулары» руника жазуы деп те аталады.

Руна - ежелгі гот тайпасының құпия деген сөзінен алынған. Өйткені бір кездері Орхон, Енисей өзендері бойынан табылған таңба жазудың қай тілде екені оқылмай, көпке дейін құпия болып келген.





Классификация – тілдерді ортақ белгілері бойынша топтастыру.

Түркі тілдерін топтастыру мәселесімен көптеген ғалымдар айналысты. Түркі тілдерін ең алғаш классификациялаған XI ғасырда өмір сүрген М.Қашқари болатын. Ең алғашқы классификация болғандықтан лингвистика саласында оның алар орны ерекше. Сонымен қатар М.Қашқаридың өмір сүрген дәуірінің жеткен жетістігі. Бірақ бұл топтастырудың жетістігімен қоса кемшіліктері де жоқ емес. Жеткен жетістіктеріне тоқталатын болсақ, сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы, тіл зергері Махмұд Қашқари «Түркі тілдерінің жинағын» барлық түркі текті ұлыс, тайпаларды аралап жинап, зерттеп, талдап барып жазған. Күллі түркі елінің әдебиеті мен тілін салыстырмалы түрде зерделеп, түзіп шыққан алғашқы энциклопедиялық кітап. Автор өз еңбегінде сөздердің мағынасын анықтау үстінде басқа түркі тайпалары тілінде кездесетін мағыналық ауытқулар мен дыбыстық өзгерістерді салыстыра келіп, оларға шолу жасайды. Сондықтан М.Қашқариды түркологияда бірінші болып салыстыру әдісін қолданған ғалым деп айтуға құқымыз бар.



Н.А.Баскаков



Түркі
тілдерінің
классификац
иясын
жіктеуде
еңбек еткен
елеулі
ғалымдар

В.Я.Владимирцев

Н.Ф.Катанов



*Н.З.
Гаджиева*



Абиль Ремюза 1820 жылы жазылған еңбегінде түркі тілдерін мынандай топтарға бөліп қарастырған:

Якут тобы
(якут тілі)

Ноғай тобы
(татар)

Қырғыз тобы
(қырғыз, қазақ)

Ұйғыр тобы
(ұйғыр, шағатай,
түрікмен)

Түрік тобы
(чуваш)

Қолданылған әдебиеттер:

- 1. Ә.Н.Нұрмаханова «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы»**
- 2. М.Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы»**
- 3. Интернет желісі**